



Астана қаласы

2023 жылғы наурыз

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша қашықтық форматта Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын өткізеді.

Жас музыканттардың Фестиваль-байқауы – жарқын музыкалық оқиға. Фестиваль-байқаудың негізгі мақсаты – хордың ән айту дәстүрін сақтау, орындаушылық шеберлікті жетілдіру, білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Фестиваль-байқау балалар хоры қозғалысын, хордың ән айту мәдениетін дамытуға, фортепиано өнерін насихаттауға бағытталған.

Бүгінде музыкалық білім қайтадан беделді және танымал бола бастады. Соңғы жылдары музыка мектебінде оқуға деген қызығушылықтың артуы байқалуда.

Республикада 160 балалар музыка мектебі және 141 балалар өнер мектебі бар, онда 132,5 мың дарынды қыздар мен ұлдар оқиды. Бұл мектептердің көпшілігі ЮНЕСКО клубтары ретінде танылған мәртебеге ие. Дәл осындай балалар музыка мектептерінде музыкалық сауаттылық негіздеріне оқыту, эстетикалық талғамды қалыптастыру, оқушыларды әлемдік музыкалық өнердің байлығына баулу, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау басталады.

Балалар музыкалық мектептері мен өнер мектептері өздерінің негізгі міндеттерінен басқа - балаларды музыкаға үйрету, музыкалық-ағартушылық функцияларды да атқарады. Ал оқушылар тек орындаушылық қызмет қана емес, сонымен қатар музыкалық-насихаттық дағдыларды игереді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастыратын музыкалық фестивальдерді жас талантты балаларға арналған байқау деп атауға болады, олар өздерінің шығармашылық әлеуетін толық іске асыруға, жоғары нәтиже көрсетуге мүмкіндік алады.

Республикада жыл сайын жас музыканттар байқауын өткізу жақсы дәстүрге айналды. Биылғы жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың 56-шы республикалық фестиваль-байқауын өткізуде. Фестиваль-байқауға 7-17 жас аралығындағы 660 жас пианистер және хор ұжымдарының қатысушылары – өңірлік іріктеу турлардың жеңімпаздары қатысты.

Мұндай балаларға арналған музыкалық байқаулар мен фестивальдер, әдетте, әртістікті, шеберлікті шыңдауға, өзіне деген сенімділікті арттыруға және өз күштерін сынауға арналған ең жақсы алаң болып табылады. Мұндай тәжірибеге ие болған бала үлкен мүмкіндіктер мен уақытша сәтсіздіктер әлемінде адаспайды.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздарға жүлделер жеткізу қызметі арқылы жіберіледі. Жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздарды дайындаған педагогтерге, қазылар алқасының мүшелеріне алғыс хаттар, қатысушыларға сертификаттар www.ziyatker.org сайтта орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласыңыз: + 7 (7172) 64 75 92; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru